

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Министрлер Кабинеті арасында Туризм саласында ынтымақтастық туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 378 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Министрлер Кабинеті арасындағы Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы макұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің төрағасы Дәулет Болатұлы Тұрлыхановқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Министрлер Кабинеті арасында Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Министрлер Кабинеті арасындағы Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Министрлер Кабинеті,

Тараптар мемлекеттерінің арасында туризм саласындағы ынтымақтастықты дамытуға өзара тілек білдіруді басшылыққа ала отырып,

туризм саласындағы екіжақты байланыстардың маңыздылығын сезіне отырып және оларды әлеуметтік-экономикалық дамудың, достық қатынастарды нығайтудың және Тараптар мемлекеттерінің халықтары арасындағы өзара түсіністікті тереңдетудің мәнді және қажетті факторы ретінде қарастыра отырып,

1994 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы Достық пен ынтымақтастық туралы шартқа сәйкес,

1997 жылғы 14 қазандық Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы Ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы декларацияның ережелерін растай отырып,

теңқүқықтық және өзара тиімділік негізінде туристік алмасуларды одан әрі дамыту үшін құқықтық негіз құруға тілек білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Таралтар, Таралтар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына, соның ішінде осы Келісімге, сондай-ақ Таралтар мемлекеттері қатысушы болып табылатын басқа да халықаралық шарттарға сәйкес Таралтар мемлекеттерінің арасында туризм саласындағы ынтымақтастықты нығайтады және ынталандырады.

2-бап

Таралтар қазақстандық және україндық туристік қауымдастықтар, әртүрлі меншік нысандарындағы халықаралық туризмді дамытуға қатысатын, туризм саласына күрделі жұмсалымды, сондай-ақ, туристерге қызмет көрсету жөніндегі бірлескен қызметті жүзеге асыратын ұйымдар мен кәсіпорындар арасында іскерлік байланыстарды орнатуға және кеңейтуге жәрдемдесетін болады.

Таралтар, оның әртүрлі нысандарына, өзара негізде көрмелерге, жәрменкелерге, конференцияларға, конгрестерге және семинарларға, басқа да халықаралық туристік іс-шараларға қатысу сияқты ұйымдық та, жеке туризмді де көтермелейтін болады.

Таралтар мемлекеттерінің көрсетілген субъектілері арасындағы шарттардан туындаитын міндеттемелер бойынша Таралтар жауапкершілік жүктемейді.

3-бап

Таралтар, Таралтар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес бір Тарал мемлекеті азаматтарының басқа Тарал мемлекетінің аумағына баратын туристік сапарына байланысты шекаралық, кезеңдік және өзге де рәсімдерді онайлатуға үмтүлатьын болады.

4-бап

Таралтар халықаралық стандарттарға сәйкес, бір Тарал мемлекетінен екінші Тарал мемлекетіне саяхат жасайтын туристердің қауіпсіздігін өзара қамтамасыз ету жөніндегі қажетті іс-шараларды жүзеге асырады. Таралтар мемлекеттерінің уәкілетті органдары туроператорларды, турагенттерді және туристерді уақытша болатын елінде туристер үшін ықтимал қауіптер туралы хабардар етеді.

5-бап

Таралтар, Таралтар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес туризм саласындағы статистикалық мәліметтер, заңнамалық дереккөр туралы ақпарат, ғылыми

зерттеулер, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің туристік ресурстары, туристік рыноктың жай-күйі, туризм жөніндегі анықтамалықтар және жарнамалық материалдар алмасатын болады.

6-бап

Тараптар, басқа Тарап мемлекетінің аумағына туристік сапармен барушы өз мемлекетінің азаматын екінші Тарап мемлекетінің шет ел азаматтарының келу, болу, шығу тәртібін реттейтін ұлттық заннама туралы хабардар етуге ықпал ететін болады.

7-бап

Тараптар туризм саласы үшін кәсіби кадрлар даярлауда бір-біріне көмек көрсететін болады, сондай-ақ туризм саласындағы ғылыми қызметкерлермен, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен және сарапшылармен алмасатын болады, туризм саласындағы зерттеулерді жүзеге асыратын жан-жақты қатынастарға және Тараптар мемлекеттері ұйымдарының бірлескен қызметіне ықпал ететін болады.

8-бап

Тараптар Дүниежүзілік туристік ұйымның (ДТҰ), сондай-ақ басқа да халықаралық ұйымдардың шеңберінде Тараптар мемлекеттері қатысуши болып табылатын туризм саласындағы ынтымақтастықты үйлестіретін болады.

9-бап

Осы Келісімді іске асыру мақсатында Тараптар мынадай құзыретті органдарды айқындаайды :

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі ,

Украина Тарапынан - Украинаның Мемлекеттік туристік әкімшілігі.

Тараптар мемлекеттерінің туризм саласындағы атқарушы билік органдарының ресми атауы өзгерген жағдайда, Тараптар дипломатиялық арналар арқылы бұл жөнінде бір-бірін дереке хабардар етеді.

10-бап

Тараптар, экономикалық ынтымақтастық жөніндегі мемлекетаралық қазақстан-украин бірлескен комиссиясының шеңберінде осы Келісімді іске асыруға

байланысты мәселелер бойынша қажет болған жағдайда консультациялар жүргізеді.

Тараптар осы Келісімді іске асыруға байланысты барлық шығыстарды дербес шешеді.

11-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

12-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Келісім белгісіз кезеңге жасалады және бір Тарап екінші Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы оның осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жіберген күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

Осы Келісімнің қолданылуымен немесе түсіндірілуімен байланысты туындаған даулы мәселелер консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

Осы Келісімнің қолданысын тоқтату, егер Тараптар өзгеше уағдаласпаған жағдайда, осы Келісім ережелерінің қолданылуы кезеңінде басталған туризм саласындағы бағдарламалар мен басқа жобалардың орындалуына әсер етпейді.

200 _____ жылғы "_____" қаласында екі тұпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, украин және орыс тілдерінде жасалды, сонымен бірге барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде қайшылық туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Украина Министрлер

Кабинеті үшін